

№1 Педагогикалық кеңес
хаттамасының көшірмесі

28.08.2024ж

Өткізілу орны: Астана қаласы әкімдігінің «Рақымжан Қошқарбаев атындағы
№44 орта мектеп» ШЖҚ МКК

Қатысқандар:74

Қатыспағандар: жоқ

Тақырыбы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Астана қаласының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 27 желтоқсанындағы №12 бұйрығымен бекітілген кестеге сәйкес мемлекеттік аттестаттау шеңберінде Астана қаласы әкімдігінің «Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 орта мектеп» өзін өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы есеп беру

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық ұжымды 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 бұйрығына сәйкес жасалған жұмыстар туралы есеп беру. (А.Б. Кулькеева)

2. Бағалау өлшем шарттарына сәйкес Астана қаласы әкімдігінің «Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 орта мектеп» ШЖҚ МКК өзін –өзі бағалауды өткізуі туралы мәлімет ұйымның ресми интернет ресурстарына орналастыру туралы

Тындалды: Сөзді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Б. Кулькеева алды. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 бұйрығына сәйкес Астана қаласындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестация бойынша жүргізілген жұмыстар туралы атап айтып өтті. Сондай –ақ мектеп ұжымына өзін-өзі бағалау процедурасына дайындық және оны өткізу бойынша өте ауқымды және жауапты жүктелген жұмыстың жүргізілгендігі туралы нақты айтты. Комиссия мүшелері ұсынылған әдістемелік көмек түрлерін ескере отырып, мектептің өзін -өзі бағалау жұмыстарын сапалы түрде ұйымдастырды.

Сөйлеген: Сөз сөйлеген мектеп директоры Л.М. Култаева Білім беру саласындағы интернет ресурстарына Астана қаласы әкімдігінің «Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 орта мектеп» ШЖҚ МКК өзін –өзі бағалау бойынша есебі орналастырылатынын және жоспар бойынша бекітілген жұмыстар әр бөлім бойынша жүйелі жұмыс жүргізгендігін, өзін- өзі бағалау жөніндегі есепті талқылау және әдістемелік көмек алу мақсатында 2024 жылдың 20 ақпанында Астана қалалық әдістемелік орталық мамандарынан көмек алғандығы жайында атап айтты.

Шешімі:

1. 2024 жылдың 28 тамызында өткізілген №1 педагогикалық кеңесте педагогикалық ұжым және қамқоршылық кеңес мүшелері алдында бағалау өлшемшарттарына сәйкес Астана қаласы әкімдігінің «Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 орта мектеп» ШЖҚ МКК өзін-өзі бағалау жөніндегі есеп талапқа сай рәсімделсін.
2. Астана қаласы әкімдігінің «Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 орта мектеп» ШЖҚ МКК -ның педагогикалық кеңес қаулысына сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау есебі білім беру ұйымының ресми интернет ресурстарына орналастырылсын.

Педкеңес төрайымы

Хатшы:



Л.М. Култаева

С.Б. Сейтжанова